

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік
рәміздерінің 30 жылдығына арналған
**«МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР ЖӘНЕ ҰЛТ
АРХИТЕКТУРАСЫ»**

атты халықаралық ғылыми конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ
30 наурыз 2022 ж.

МАТЕРИАЛЫ

международной научной конференции
**«ГОСУДАРСТВЕННЫЕ СИМВОЛЫ И НАЦИОНАЛЬНАЯ
АРХИТЕКТУРА»**

посвященной 30-летию Государственных символов
Республики Казахстан.
30 марта 2022 г.

MATERIALS

of the international scientific conference
«STATE SYMBOLS AND NATIONAL ARCHITECTURE»
dedicated to the 30th anniversary of the State symbols
of the Republic of Kazakhstan.
30 March, 2022

НҰР-СҰЛТАН
NUR-SULTAN

УДК 001
ББК 72
Қ.18

Қ.18 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерінің 30 жылдығына арналған «МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР ЖӘНЕ ҰЛТ АРХИТЕКТУРАСЫ» атты халықаралық ғылыми конференциясының материалдары/Материалы международной научной конференции «ГОСУДАРСТВЕННЫЕ СИМВОЛЫ И НАЦИОНАЛЬНАЯ АРХИТЕКТУРА» посвященной 30-летию Государственных символов Республики Казахстан/ Materials of the international scientific conference «STATE SYMBOLS AND NATIONAL ARCHITECTURE» dedicated to the 30th anniversary of the State symbols of the Republic of Kazakhstan – Нұр-Сұлтан: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы, 2022.– 306 б. - қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде.

ISBN 978-601-337-649-3

Жинаққа ғалымдардың, докторанттардың, магистранттардың, студенттердің жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелеріне, сондай-ақ этноархитектура саласындағы ғылыми зерттеу нәтижелері және сәулет пен құрылыстағы жалпы проблемаларға арналған баяндамалары енген.

The proceedings are the papers of researchers, doctoral students, undergraduates and students on topical issues of natural and technical sciences and humanities also the results of scientific research in the field of ethnoarchitecture and general problems in architecture and construction.

В сборник вошли доклады ученых, докторантов, магистрантов и студентов по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук, а также результаты научных исследований в области этноархитектуры и общих проблем архитектуры и строительства.

**УДК 001
ББК 72**

ISBN 978-601-337-649-3

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2022**

ҚР ТАУЛЫ ЖЕРЛЕРІНДЕГІ ТАБИҒИ РЕКРЕАЦИЯЛЫҚ РЕСУРСТАР

Смағұлов Е. С.

erbo_ss_99@mail.ru

Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-нің «Сәулет» мамандығын магистранты, Нұр-Сұлтан,
Қазақстан

Ғылыми жетекші – профессор Чекаева Р. У.

Қазақстан алуан түрлі рекреациялық ресурстарға бай, бірақ оларды сипаттауға кіріспес бұрын, жалпы рекреациялық ресурс түсінігі туралы айта кетсек. Табиғи рекреациялық ресурстар дегеніміз не?

Табиғи рекреациялық ресурстар - бұл адамның физикалық және рухани күштерін, оның еңбекке қабілеттілігі мен денсаулығын қалпына келтіру және дамыту процесінде қолданылатын физикалық, биологиялық және энергетикалық ақпараттық элементтер мен табиғат күштерінің кешені. Табиғи-рекреациялық ресурстар - демалу, туризм және емдеу мақсатында пайдалануға болатын объектілер мен табиғат құбылыстары. Табиғи рекреациялық ресурстардың негізгі үш түрі бар. Олар:

- Теңіз ресурстар (1-сурет);
- Тау ресурстар (2-сурет);;
- Ландшафт ресурстар (3-сурет);.



1 сурет. Жағажай



2 сурет. Тау шаңғы курорты



3 сурет. Жазықтық

Анықтамадан көрініп тұрғандай, ресурстардың бұл түрі шығу тегінің ерекшеліктерімен емес, пайдалану сипатымен ерекшеленеді. Іс жүзінде барлық табиғи ресурстар рекреациялық және туристік әлеуетке ие, бірақ оны пайдалану деңгейі әртүрлі және аймақтың рекреациялық сұранысы мен мамандануына байланысты.

Рекреациялық ресурстарды бағалау оны туризмнің нақты түрімен пайдалану тұрғысынан қаралатын рельефті, су объектілерін және топырақ-өсімдік жамылғысын, биоклиматты, гидроминералды және бірегей табиғи емдік ресурстарды, тарихи-мәдени әлеуетті және т.б құраушылардың әрқайсысын факторлын бағалау негізінде жүргізіледі.

Рекреациялық туризмді бірнеше түрге бөлуге болады:

- Туристік-сауықтыру түрі
- Танымдық-туристік түрі

Табиғатты пайдалану экономикасында қабылданған жіктеулерге сәйкес, бір жағынан олардың табиғи шығу тегін және екінші жағынан экономикалық маңыздылығын көрсететін "**табиғи ресурстар**" ұғымының қосарлы сипатына сүйене отырып, табиғи рекреациялық ресурстарды келесідей топтастыруға болады:

- шығу тегі;
- рекреациялық пайдалану түрлері;
- сарқылу жылдамдығы (тез таусылатын, баяу таусылатын, таусылмайтын);


- өздігінен қалпына келтіру және өсіру мүмкіндіктері (қайта жаңғыртылатын, салыстырмалы түрде қайта жаңғыртылатын және жаңартылмайтын);

Соңғы жылдары табиғи ресурстарға халықтың белсенді демалысы мен медициналық, профилактикалық және медициналық іс-шаралар үшін пайдалану тұрғысынан назар аударылуда. Елдің нарықтық қатынастарға көшуі курорттық аймақтарды пайдалану, сондай-ақ тікелей емдік мақсаттар үшін табиғи орта компоненттерінің мүмкіндіктерін дамыту мәселелерін жаңаша қойды. Қазақстанда рекреациялық қызмет халықтың қоғамдық ұдайы өндіріс құрылымында айқындаушы сала болып табылатын аудандар бар. Оның құрамына рекреациялық кәсіпорындар мен ұйымдар желісі кіреді.

Табиғи рекреациялық ресурстардың негізгі нысандары - үлкен қалалардың айналасындағы "жасыл аймақтар", қорықтар, ұлттық парктер болып табылады. Бұл аумақтар әсіресе адамзат қоғамының әсеріне ұшырайды және ерекше қамқорлық пен бақылауды қажет етеді. Табиғи кешенді тұтастай қорғау және зерттеу үшін шаруашылық пайдаланудан толығымен шығарылған табиғи аумақ - қорықтар болып саналады. Қорықтардың негізгі міндеттерінің бірі-осы аумаққа тән немесе ерекше табиғи ландшафттарды сақтау. Қорғалатын табиғи аумақтардың неғұрлым құнды нысаны - бұл тек экономикалық қызметтің жекелеген түрлеріне тұрақты немесе уақытша тыйым салынған қорық. Қорғалатын аумақтың келесі түрі - ұлттық саябақтар. Ұлттық саябақтар әлемдік тәжірибеде кеңінен қолданылады.



4 - сурет. Алматыдағы Алмарасан шатқалы



5 - сурет. Үлкен Алматы көлі

Қазақстанның биік таулы аймақтарының қазіргі рельефі өте күрделі және әр түрлі. Қатар орналасқан бір ауданның өзінде бір - бірінен өте үлкен айырма жасайтын рельефтің формалары кездесіп отырады. Биік таулы аймақтардың рельефі нағыз альпілік формада болады. Мұнда терең әрі тар әр түрлі шатқалдармен бөлініп жатқан биік шыңдар кездеседі. Шыңдардың салыстырмалы биіктігі 1000 м-ге дейін, құламасының еңістігі 90° жетеді. Сонымен қатар мұнда төбесі жазық кең тау қыраттары кездеседі. Қазақстанның биік таулы аймақтарының рельефінің мұндай күрделі және әр түрлі болып келуі оның соңғы геологиялық тарихына, рельеф құрушы факторларына байланысты.

Қазақстан туристік-рекреациялық ресурстарға бай, тартымды таулы, рекреациялық, табиғи, су, экскурсиялық аймақтардың бар екенін ерекше атап өткен жөн. Бұл туризмді кедергісіз дамытуға жағдай жасайды. Оңтүстік және Шығыс Қазақстанның таулы аудандары халықтың демалатын орны болып табылады, биік таулардың альпілік шалғындары мал жаю үшін пайдаланылады.

Рекреациялық байлықтардың шоғырлануы - елдің Оңтүстігі. Оның туристік символдары - аты аңызға айналған Хан Тәңірі шыңы, Шарын шатқалының әсемдігі, үлкен Алматы тау шатқалында туризмнің басқару орталықтары – «Медеу» (6 - сурет) мұз айдыны орналасқан. Дәл осы оңтүстікте таңғажайып Олжа – «Алтын адам» және Тамғалы шатқалындағы жартасқа салынған суреттер – ЮНЕСКО тізіміне енгізілген екінші қазақстандық жауһары болып табылды. Жетісу-Алатау таулары екі үлкен тау жүйелерінің – Шығыс Тянь-Шань мен

Алтайдың шегінде орналасқан және 700 шаршы шақырым аумақты алып жатыр. 2 600 м биіктікке дейін Жетісудың ландшафты шөлейттер мен далалармен ұсынылған, одан жоғары альпілік шалғындар басталады. Сонымен қатар ең басты әлемдік деңгейдегі «Шымбұлақ» тау-шаңғы курорты орналасқан (7 - сурет).

Шымбұлақ тау-шаңғы курорты осы күнге дейін еліміздің, әсіресе Алматы қаласының тұрғындарының күннен-күнге тау шаңғысымен шұғылдануына септігін тигізіп келеді. Қазіргі таңда «Шымбұлақ» тек табиғи ресурс ғана болып табылмай мәдени орталыққа да айналды, түрлі Олимпиада шаралары мен әлем Чемпионттары жүргізіліп отырады.



6 - сурет. Медеу мұз айдыны



7 - сурет. Шымбұлақ тау-шаңғы курорты

Осыған орай Қазақстанның табиғи тау рекреация ресурстары еліміздің әл ауқатын ғана жақсартып қоймай, рухани байлығында арттыруда деп сенімді айта аламыз!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бейсенова А.С. Исследования природы Казахской ССР А., 1979
2. Геоэкология и полезные ископаемые Казахстана. Алматы, 1996
3. Горбунов А.П. Природа Казахстана: история познания. Алматы, 2011. – 230 с.
4. Челноков А.А., Ющенко Л.Ф., Мирончик А.Ф. Рекреационные ресурсы: учебное пособие. 2017
5. Гировка Н. Н. Туристско - рекреационные ресурсы территорий: основы организации. 2019 - 308 с.

УДК 726

ЭТНОКУЛЬТУРНЫЕ ФАКТОРЫ ФОРМИРОВАНИЯ ПРИДОРОЖНЫХ КОМПЛЕКСОВ

Джандарова Л. А.

lolajandarova@gmail.com

Магистрант специальности «Архитектура» ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, г. Нур-Султан,
Казахстан

Научный руководитель – Мамедов С. Э.

На сегодняшний день, в эпоху постиндустриализации, когда на первом плане стоит человеческий капитал, что подразумевает высокообразованных людей, профессионалов, особое значение имеет сохранение психологического и физического здоровья человека. Данная задача достигается множествами способов, одним из которых являются придорожные комплексы – остановка и отдых на пути следования, помогает сохранять положительное